

УДК 346.62:347.73

ЖЕРГІЛІКТІ БЮДЖЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАРДЫҢ ІСКЕ АСЫРЫЛУЫН БАҒАЛАУ

Хамзина Анель Жанбулатқызы

anelhamzina01@gmail.com

Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ «Мемлекеттік аудит» мамандығының 2 курс студенті,

Нұр-Сұлтан, Қазақстан


Ғылыми жетекші – А. К. Жахметова

ҚР Тұңғыш Президенті Н. Назарбаевтың «100 нақты қадам» атты Ұлт жоспарының шеңберінде аудандық маңызы бар қала, ауыл және кент деңгейінде жергілікті өзін-өзі басқарудың дербес бюджетін енгізу тапсырылған болатын. Жергілікті өзін-өзі басқарудың дербес бюджеті мен бюджеттік процесс өкілеттіктерін кеңейту мәселесі бүгінгі таңда өзекті болып отыр. Халыққа көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің барлығы осы деңгейде жүзеге асырылатындықтан, жергілікті бюджеттердің мәнін бағалау өте қиын. Жалпы Қазақстандағы жергілікті бюджеттің жағдайына тоқтала отырып, жергілікті бюджеттік бағдарламаларына талдау жасау және қазіргі таңдағы жағдайы туралы мәселе қозғалу үшін зерттеу объектісі ретінде Ақмола облысы таңдалынды. Яғни, “2019-2021 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы” бағдарламаға сәйкес талдау жасалынады. Мәліметтерді салыстыру арқылы облыстық бюджетті қалыптастырудың мәселелері анықталып, сондай-ақ қаражатты жұмсау бағыттары қарастырылады. Бұл мақаланың өзектілігі жергілікті бюджеттік бағдарламалардың мақсатты түрде жүзеге асырылып, қаражатының тиімді игерілуін бағалау болып табылады.

Әлемнің дамыған елдерінің аймақтардың тәжірибесі жергілікті бюджеттің әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешуде үлкен рөл атқаратындығын көрсетеді, сондықтан оларға көбірек құқықтар мен өкілеттіктер берілуі керек және олардың орталыққа тәуелділік дәрежесін төмендету керек. Қазіргі кезде отандық экономиканың алдында тұрған міндеті жергілікті бюджеттің тиімділігін арттыру.


Қазақстан Республикасында жергілікті бюджеттері кірістер мен шығыстары жағынан мемлекеттік бюджеттің 50% құрап отыр. Жалпы, жергілікті қаржылық қатынастар Бюджет кодексімен, «Республикалық бюджет туралы» Заңымен және экономикалық саладағы және қаржылық қызметке қатысты басқа да заңнамалық және нормативтік актілермен реттеліп отырады. Қазақстан бойынша 2019 жылы жергілікті бюджеттің шығыстары 945 млрд. теңгеге орындалды. Орындалмағаны-12 млрд. теңге. 2018 жылмен салыстырғанда бұл көрсеткіш 60% -ға жақсарған (2018 жылы - 20 млрд. теңге). [3]

2020 жылдан бастап Қазақстан жергілікті бюджеттерде шағын және микро бизнестен корпоративті табыс салығын алатын болады деп болжанып отыр.



1-сурет ҚР жергілікті бюджет түсімдері (2018-2019жж.)

1-суретте ҚР 2018-2019 жж. жергілікті бюджет түсімдері көрсетілген. Бұл жерде көріп тұрғанымыздай, 2019 жылы жергілікті бюджетке түсетін түсімдер 2018 жылмен салыстырғанда 17%-ға өскен. 2019 жылы жергілікті бюджет кірістерінің едәуір бөлігін трансферттік түсімдер құрады, бұл жалпы көлемнің 53,9% құрайды. Салық түсімдері болса, жергілікті бюджет түсімдерінің 43% құраған. [5]



2-сурет ҚР жергілікті бюджетіне ең көп түсетін аймақтар

Ақмола облысының жергілікті бюджетінің атқарылуын, ұйымдастырылуын және қаржылық жағдайы туралы ақпараттарды берумен «Ақмола облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы» айналысады. Ақмола облысының бюджеті облыстардың


ішінде екінші орында орналасқан, Астана және Алматы қалаларынан кейін (2017 жылғы мәлімет бойынша).

Ақмола облысының қазіргі жергілікті бюджетінің жағдайына тоқталатын болсақ, өңір республикалық бюджеттің трансферттеріне тәуелді болып табылады. Облыс бюджетінің кіріс бөлігінде республикалық бюджеттен бөлінген трансферттердің үлесі 2010 жылғы 77%-дан 2017 жылғы 72,1%-ға дейін азайды. Облыс бюджетіне түсетін салық түсімдерінің көлемі абсолюттік көріністе 2001-2017 жылдардың ішінде 7 813 млн. теңгеден 2017 жылғы 56 932,8 млн. теңгеге дейін өссе (7,3 есе), облыс бюджетіне түсетін трансферттердің түсімдері 2001-2017 жылдардың ішінде 4 891 млн. теңгеден 157966,3 млн. теңгеге дейін өсті (32,3 есе).

Ақмола облысының бюджеттік қамтылу есептемесінің талдауы 2012 жылдан бастап 2017 жыл бойынша оның 69,7% -ға өскенін көруімізге болады. Бюджетке түсетін салық және салықтан тыс түсімдердің көлемінің өсуі есебінен бюджеттің өзін қамтамасыз етуін арттыру келешектегі негізгі басым міндеттер болып табылады. Жергілікті бюджетке түсетін жалпы түсімдердің 59,3%-ын құрайтын жеке кіріс және әлеуметтік салықтарды есептеу базасы еңбек ақы төлеу қоры болып отыр. Индустриалды-инновациялық дамытудың мемлекеттік бағдарламасы, нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті даму бағдарламасы, экономика салаларындағы еңбек ақыны арттыру шеңберіндегі жобаларды іске асыру кезінде жаңа жұмыс орындарын ашу есебінен еңбек ақы төлеу қорының өсімі жоспарланып отыр. [1]

Ал 2019 жыл бойынша айтатын болсақ, «2019-2021 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» бағдарламаға сәйкес: 3-суретте ағымдағы кезеңдегі облыстың жергілікті бюджет жағдайы көрсетілген. Бұл жердегі сомаларға қарасақ, шығыс кірістен көп екенін аңғаруымызға болады. Ең аз сома-қаржы активтерімен сальдо екенін көре аламыз. [4]

Қаржыландыру көздері бойынша айтсақ, оларға республикалық және жергілікті бюджет, инвесторлардың меншік қаражаттары, қарызға алынған қаражаттар жатады. 1-кестеден көріп отырғанымыздай 2016 жылға қарағанда 2020 жылы қаржыландыру 3 есе өсіп отыр. [4]



3 сурет Ақмола облысының қазіргі кездегі жергілікті бюджет жағдайы


Ақмола облысының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2020-2024 жылдарға арналған болжамы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 8 қаңтардағы №9 бұйрығымен бекітілген әлеуметтік-экономикалық дамытудың болжамын әзірлеу қағидаларына сәйкес дайындалған. Әлеуметтік-экономикалық дамудың болжамы Қазақстан Республикасының стратегиялық және бағдарламалық құжаттарын, Елбасының жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдауларын, еліміздің сыртқы және ішкі саясатының негізгі бағыттарын ескере отырып жасалған. Ақмола облысының әлеуметтік-экономикалық

дамуының бес жылдық кезеңге арналған болжамы, үрдістерді, басымдықтарды, экономикалық, инвестициялық салықтық-бюджеттік саясаттың негізгі бағыттарын, 2020-2022 жылдарға арналған облыс бюджетінің болжамынан тұрады. [2]

1-кесте Ақмола облысының қаржыландыру көлемі (2016-2020жж)

| Жылы | Сомасы, млн тг |
|-------|----------------|
| 2016ж | 281268,6 |
| 2017ж | 264301,9 |
| 2018ж | 231593,4 |
| 2019ж | 192406,3 |
| 2020ж | 644141,8 |

2020-2024 жылдарды экономиканың өсуі жыл сайын орта есеппен 1,8 – 2,5% есептелетін болады. Облыстың басты бәсекелі артықшылықтарының бірі тез өсіп жатқан астанамыздың төңірегіндегі географиялық орналасуы. Сондықтан негізгі міндеттердің және ауыл шаруашылығын дамыту үшін, қолайлы тұстары бар облысты стратегиялық дамытудың басым бағыттардың бірі - астананы азық-түлікпен қамтамасыз ету болып отыр.



4-сурет Ақмола облысының жергілікті бюджет кірістерінің болжамы(2020-2022 жж.), млн тг

Бұл суретте жергілікті бюджет кірістеріне 3 жылға болжам жасалынған. Жоспар бойынша кірістер мен түсімдер сомасы өсу керек, бірақ негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер керісінше төмендейді деп болжанып отыр. Бұл көрсеткіштердің қаншалықты өзгеретінін алда көретін боламыз. [2]

4-кесте Ақмола облысы бюджетінің түсімдері(2019-2022 жж)

| Түсімдер | 2019 жыл | 2020 жыл | 2021 жыл | 2022 жыл |
|--|------------------|------------------|------------------|------------------|
| Барлығы | 245 065,5 | 149 387,1 | 134 203,2 | 201 341,8 |
| Салықтық түсімдер, оның ішінде: | 22 108,7 | 20 802,1 | 21 212,1 | 27 914,3 |
| жеке табыс салығы | 18 754,1 | 17 668,9 | 17 969,3 | 19 447,7 |
| табиғи және басқа ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер | 3 346,5 | 3 121,2 | 3 230,4 | 3 761,9 |
| Салықтық емес түсімдер, оның ішінде: | 1 667,5 | 1 143,4 | 1 149,1 | 1 334,4 |

| | | | | |
|--|-----------|-----------|-----------|-----------|
| мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер | 117,3 | 87,5 | 87,8 | 92,1 |
| мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар | 1 069,2 | 684,9 | 687,9 | 781,4 |
| басқа да салықтық емес түсімдер | 466,9 | 370,8 | 373,2 | 459,8 |
| Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер | 12,2 | 0 | 0 | 0 |
| Трансферттердің түсімдері,оның ішінде: | 207 067,7 | 127 441,5 | 111 841,9 | 168 697 |
| Аудандық бюджеттерден трансферттер/ бюджеттік алып қоюлар | 10 409,8 | 7 324,8 | | 6 811,9 |
| республикалық бюджеттен түсетін трансферттер | 196 658 | 16 083,1 | 7 808,3 | 1 677,3 |
| субвенция | 104 474,0 | 104 033,7 | 104 033,7 | 160 207,8 |
| Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер | 4,1 | 0 | 0 | 0 |
| Бюджеттік кредиттерді өтеу | 2 129,8 | 0 | 0 | 3 396,1 |
| Бюджет қаражаттарының пайдаланылатын қалдықтары | 1 001,2 | 0 | 0 | 0 |

Бюджет кірістерінің өсімі негізінен 95,3%-ды құрайтын салықтық түсімдерді ұлғайтудан қамтамасыз етіледі. Жергілікті бюджетке жалпы түсімдердің шамамен 55,8%-ын құрайтын жеке табыс және әлеуметтік салықтарды есептеудің базасы еңбекақы өтеу қоры болып саналады. Салықтық емес түсімдер және капиталмен операциялардан түсетін кірістер жергілікті атқарушы органдардың құзыретіне кіретін кірістер түсімдері бойынша есептелінген болатын. Өңірлік экономикаларды ынталандыру,шағын, орта бизнесті дамыту және жергілікті бюджеттердің кірістерін ұлғайту мақсатында 2020 жылдан бастап Республикалық бюджеттен ШОБ-тен корпоративтік табыс салығының түсімдері берілетін болады. Сондай-ақ, жергілікті бюджетке түсімдерді ұлғайту бойынша іс-шаралар жоспарын іске асыру бойынша жұмыстар жалғастырылатын болады. 2020-2024 жылдары экономиканың өсу қарқыны 1,8-2,5% құрайтын болады. Жан басына шаққандағы ЖӨӨ өсімі 2016 жылғы 1,8 млн. теңгеден 2022 жылғы 2,8 млн. теңгеге дейін артады делінеді. [2]

Республикалық бюджеттің нысаналы трансферттері мен несиелерін есепке алғанда, 2019 жылға арналған облыстық бюджетке түсімдердің көлемі 230856,2 млн. теңге сомасында болды,оның ішінде 104474,0 млн. теңгесі субвенциялардың үлесі және 92183,9 млн. теңгесі – нысаналы трансферттер мен несиелер. Ағымдағы жыл бойынша айтатын болсақ, 2020 жылға арналған облыстық бюджетке түсімдердің көлемі 247263,1 млн. теңге сомасында жоспарланған,оның ішінде 144374,0 млн. теңгесі субвенциялардың үлесі және 70850,9 млн. теңгесі – нысаналы трансферттер мен несиелер.

2019-2021 жылдардағы бюджет шығыстары саясатының негізгі басымдылықтары ретінде облыс экономикасы дамуының тиімділігін арттыру үшін жағдайлар туғыза отырып, мемлекет кепілдік берген міндеттемелер мен азаматтарды әлеуметтік қорғау деңгейін сақтау болып табылады.

Ақмола облысы экономикасының қарқынды дамуы мемлекет Басшысының азаматтардың әл-ауқаты мен өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған міндеттерін табысты және тиімді шешу үшін орасан зор әлеует құрғанын куәландырады. Мемлекет басшысының «Сындарлы қоғамдық диалог-Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауына сәйкес бес институционалдық реформа мен «100 нақты қадам» Ұлт жоспарын іске асыруды жалғастыруға бағытталған облыс әлеуметтік-экономикалық дамудың оң нәтижелеріне қол жеткізу үшін барлық қажетті шараларды жасайтын болады. Әр түрлі статистикалық мәліметтерді зерттей отыра, Ақмола облысының экономикасының барлық салаларында оң динамикаға қол жеткізу бойынша 2019 жылға қойылған міндеттер орындалды деген қорытындыға келуге болады. Сондай-ақ, Ақмола облысының “2019-2021 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы” бағдарламасы қазірден бастап жүзеге асырылып, сондай-ақ осы үш жылда оң нәтижелерге қол жеткізуге

бағытталатын болады. Яғни осы бағдарлама облыстың жергілікті бюджетінің тиімді қолданылуына және облыстың дамуына негіз болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Ақмола облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы <http://ekonomika.akmo.gov.kz/>
2. Ақмола облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының 2019-2021 жылдарға арналған бюджеттік бағдарламасы
3. <https://strategy2050.kz/ru/news/53002/>
4. 2019-2021 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы https://tengrinews.kz/zakon/gosudarstvennyie_organyi_akmolinskoy_oblasti/finansyi/id-V18B0006983/
5. <https://kursiv.kz/news/finansy/2019-09/postupleniya-v-mestnyy-byudzheth-kazakhstana-uvlichilis-na-17-za-god>